Еріктілердің қауіпті сейілтуге қосып жатқан еңбегі ерен



3-бет

Ішкі туризм – өңірді дамыту мүмкіндігі



6-бет

Бердібек рухына тағзым



8-бет

«Заң» медиа-корпорациясы. Бізге 30 жыл. 1994-2024


# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru
№26 (3655)
9 сәуір 2024

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


● БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, *ҚР Президенті:*

## «МЕМЛЕКЕТ **ЕШКІМДІ ЕСКЕРУСІЗ** ҚАЛДЫРМАЙДЫ»



**Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев елдегі төтенше жағдайға байланысты қазақстандықтарға үндеу жолдады. Су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайды халық пен билік бірлесе жүріп өткеретінін, қиындыққа тап болған халықтың бар шығыны ескеріліп, қажетті көмек жасалатынын, елдің күші бірлікте екенін айтты.**

*(Соңы 3-бетте)*

● ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Аягүл РАМАЗАНҚЫЗЫ,
*«Бердібек ауылына саяхат» фильмінің сценарист-редакторы:*

## «КЛАССИК ЖАЗУШЫҒА ДЕГЕН ҮЛКЕН ҚҰРМЕТТІҢ КІШКЕНТАЙ БЕЛГІСІ»

***– Бұл фильмді түсіру идеясы қалай келді, оған не себеп болды?***

– «Бердібек ауылына саяхат» – науқандық немесе арнайы тапсырыспен түсірілген дүние емес. Бұл – бәріміз оқып өскен «Өлгендер қайтып келмейді», «Балалық шаққа саяхат» сияқты шедеврлерді дүниеге әкелген классик жазушыға деген үлкен құрметтің кішкентай ғана белгісі, шығармашылық топтың жүрек қалауы. Бердібек атамыздың 100 жылдығы қарсаңында осы ниетіміздің орындалуы бұйырып тұр екен.

Неліктен ауылға саяхат? Оралхан Бөкей десе есімізге бірден қасиетті Алтай түседі. Оралханды жанына жақын тұтқан әр адам Алтайдың топырағын басып, тауына шыққысы келеді. Ал Мұқағали мен Қарасаз – егіз. Ақиық ақынның өлеңдерін жатқа білетін ауылға өлеңсүйер қауымның атбасын бұрмағаны кемде-кем. Ал қазақ әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың Қостөбесі қандай? Орнында тұр ма екен? Бердібекті сүйіп оқыған әр адамның көкейіне осы сұрақ келері анық. «Бердібек ауылына саяхат» – ең алдымен, Бердібегін сағынған, оның ауылын көргісі келіп аңсайтын жырақтағы оқырманға деген тағзым. Жарты әлем сүйіп көрген «Менің атым – Қожаны» дүниеге әкелген сүйікті қаламгердің рухына тағзым. Әр қазақтың алтын бесігі болған қасиеті күшті ауылға деген тағзым. Фильмде Бердібектің қара шаңырағы, өскен ортасы, шығармасына арқау болған тау-тасы, өзен-көлі көрсетіледі.

***– Жақында «Бердібек ауылына саяхат» деректі фильмінің тұсаукесерін өткізіп, көпшілік назарына ұсындыңыздар. Көрермен қалай қабылдап жатыр?***

– «Бердібек ауылына саяхат» әдеби-деректі фильмі ең алғаш рет аудан басшылығының шақыруымен Бердібек атамыздың туған жері Нарынқол ауылында көрсетілді. Кейін Алматы қаласында ресми тұсаукесері өтті. Әрине, көрсетілім алдында толқыдық, уайымдадық. Бірақ шүкір, көрермен ыстық ықыласпен, разылықпен қабылдады.

*(Соңы 8-бетте)*

● МІНБЕР

# ҚАЗАҚ ТІЛІН ЗАҢ ШЫҒАРУ ІСІНЕН ШЕТТЕТУ – АНА ТІЛІН МЕНСІНБЕУ, МОЙЫНДАМАУ

**Алаштықтар оята алмаған ел әлі де селт етпегендей. Тәуелсіз халқымыз үшін ауырлау баға болса да, еріксіз осындай тұжырымға тоқтап отырмын. Қазіргі ана тіліміздің жағдайы көкейден кетпей, алаңдатады, оның болашағы тұрмақ, дәл осы кезеңдегі қолданыс аясы көңілімізді еш көншітпейді. Қалайша біз ана тілімізді – мемлекеттік тіл деп кеудемізді керіп, жар сала аламыз, егер елдік ісіміз өзге тілде жүріп жатса? Қанша намыс көріп, жасырып, жауып, бүркемелеп, ақталып сөйлесек те, бізде мемлекеттік тілден гөрі, орыс тілінің салмағы әлдеқайда басым болып тұр!**

### Орыс тілінің неге салмағы басым?

Ата Заңымыз әуелі орыс тілінде жазылып, онымен сапасыз аударма арқылы таныссақ, олай демегенде не дейміз? Өйткені, шала аударманы онсыз да ана тілін шорқақ білетін мамандар немесе қызметкерлер мүлде түсінбейді, осыдан айналып келіп орыс тіліндегі түпнұсқаға жүгінеді. Міне, осы берекесіздік барлық мемлекеттік ісімізге қалайша қолбайлау болмасын?! Ендеше, тілі оңбай, шын мәніндегі мемлекеттік ортақ тілге айналмай тұрған халықтың болашағы туралы қандай әңгіме болуы мүмкін? Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп ашық жариялап, халқымыздың ең басты мәселесін нұсқап, айқындап беріп еді, бұған әлі күнге дейін селт етер түріміз жоқ.

Бізде жарнамашылдық басым, талап қою жоқтың қасы. Сондықтан да, тек төтесінен: «әрбір азамат мемлекеттік тілде сөйлеп, жаза білуге міндетті!» деп үзілді-кесілді талап қойып, ісіміздің барша мүддесі осыған бағытталуы қажет! Ол үшін заңдарымыз тек ана тілімізде жазылып, ұсынылуы тиіс! Барлық оқу орнында, мемлекеттік мекемеде, өндіріс орнында жаппай мемлекеттік тілге деген сұраныс, талап, міндеттілік күшеймей, бұл тараптағы ісіміз оңбайтынына әбден көзіміз жетті! Тек осындай биік елдік талап, ортақ мүдде ғана мемлекеттік тілдің көсегесін көгертеді.

Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» заңның 4-бабында қолданыс аясы, тұғыры мен орны айқын танылып тұрған мемлекеттік тілді айтыс-тартыс нысанына айналдырып, соза тартып, көкпарға айналдырудың қаншалықты қисыны бар? Осы бапта Қазақстан Республикасы азаматтарына ортақ тәртіп белгіленген. Онда «мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» екендігі басшымыздан бастап, қосшымызға дейін мойындауға, басымызды иіп құрметтеуге, осы жолда жанымызды салып тұрып, қызмет етуге тиіс елдігіміздің аса маңызды ұстаным-қағидасы екендігін неге әлі де болса бұлтаққа салып, бүйректен сирақ шығарамыз? Мұнда біз, ел азаматтары, жасымыз болсын, жасамысымыз болсын, қай ұлт өкілі болсын, түсінбей отырған қандай күрделілік бар?

*(Соңы 4, 5-беттерде)*

Защищено от изменений

**23. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті**

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына конкурс жариялайды**

**1. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:**

1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайын, телефонын көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

«Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 110 үй мекен жайында орналасқан, тел. 8(727)272-84-45.

Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты опера және балет өнері саласындағы мемлекеттің мәдениет саясатын практикалық іске асыруға бағытталған сахналық, ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

**2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

Мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе «Шетелде кадрлар даярлау бойынша республикалық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына сәйкес, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – Жұмыс орган) бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім, тілдер мен әдебиет бойынша) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес;

**3. Лауазымдық міндеттері:**

Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымының (бұдан әрі – Ұйым) шығармашылық, өндірістік, шаруашылық және қаржылық қызметіне басшылық етеді; мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді; сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; Ұйым қызметінің саясаты мен стратегиясын белгілейді; қаржылық және материалдық қамтамасыз етуді, күнтізбелік және ұзақмерзімді репертуарлық жоспарларды әзірлеуді, репертуарды жалға беруді (прокат), жаңа және қайта қойылатын қойылымдарды (спектакльдер, концерттер, цирк көрсетілімдерін) шығаруды ұйымдастырады; қойылымдық топтар мен орындаушылардың құрамын, безендіру эскиздерін және макеттерін, жаңа және қайта қойылатын қойылымдардың (спектакльдер, концерттер, цирк көрсетілімдерін) жұмыс жоспарлары мен кестелерін бекітеді; Ұйымды білікті мамандармен қамтамасыз ету және олардың кәсіби білімдері мен тәжірибелерін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; директор орынбасарларына, шығармашылық, өндірістік бөлімшелердің басшыларына және Ұйымның лауазымдық тұлғаларына жұмыстың жеке бағыттарын бөледі; шарттарды және мәмілелерді жасайды, қажетті есептіліктердің ұсынылуын қамтамасыз етеді; Ұйым қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасасады және бұзады; бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Ұйымның мүддесіне өкілдік етеді; еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

**4. Білуге тиіс:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін; Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексін; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін; Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін, Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңдарын;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 карашадағы № ҚР ДСМ-223/2020 бұйрығымен бекітілген Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын; ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

**5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:**

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері (қосымшалармен);

5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;

6) 075-у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) жеке куәліктің көшірмесі;

8) адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәлімет (кандидатпен EGOV арқылы алынады).

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде 2024 жылғы 9 сәуірден бастап 23 сәуірге дейін жүргізіледі.

Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14 кіреберіс.

Конкурс қатысушыларына әңгімелесу өткізу күні қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14 кіреберіс, 255 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-04-59 телефоны бойынша алуға болады.

## ТАРАТУ

2. «Media Platform CA (Медиа Платформ СиЭй)» ЖШС (БСН 161040020454) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 13/195 үй.

3. «Kri» Tall» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 220940040948, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 36 үй. Тел. 87076204154.

4. «Жібек Жолы ауылы мешітінің құрылысы» қоғамдық қоры, БСН 170940016428, өзінің жабылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде төменде көрсетілген мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Интернациональный т/а, 2/6 үй. Тел. 87029636559.

5. «Антея НТ» ЖШС (БСН 071140003002) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, «Пригородный» шағынауданы, Жаңа әуежай, 126 үй, 97 кеңсе.

9. «Издательский дом «АРТ СТАТУС МЕДИА» ЖШС (БСН 131140009917) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 19/1 үй, ішкі кіреберіс 11, 8 қабат.

12. «Ерлік 2024–2025» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 240240023123, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, 12 шағынаудан, 26 ғимарат, 51 пәтер, пошта индексі 031200. Тел. 87717639576.

13. «DIA Future» ЖШС, БСН 220840038185 (ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 52В ғимарат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 52В ғимарат, 329 кеңсе. Тел. 87784934774.

14. «ЧИНУР ҚҰРЫЛЫС» ЖШС (БСН 130440027517) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, «Көктем» шағынауданы, 11В. Тел. 87778802299.

16. «YT Trade» ЖШС, БСН 210140012694, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 055552, Әуезов ауданы, 8 ықамауданы, 41/6 үй. Тел. 87082604137.

17. «Аслан & Kº Атырау» ЖШС, БСН 090840000679, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 5А үй, тел. 87122528485.

18. «AR- SAYA SERVIS» ЖШС, БСН 210240037227, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап- шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылдық округы, Жеңіс көшесі, 18 үй. Тел. +77768823131.

19. «Жайлы Строй» ЖШС, БСН 231240009872, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Мұстафа Шоқай көшесі, 40 үй. Тел. 87767055505.

28. «ЖАН ҚАНАТЫ» мекемесі (БСН 140540016349) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 19/1 үй, ВП-10.

29. «Көппәтерлі тұрғын үй 16 тұрғын үй кешені «Талпын» мүлік меншік иелерінің бірлестігі, БСН 220840035393, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 24 шағынауданы, 16 үй. Тел. 87751874714.

## ӘРТҮРЛІ

11. «S&S Қазына» ЖШС, БСН 221140029465, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, «Астана» ықшамауданы, дом 1/18, корпус 3, н.п.193.

15. Қостанай облысы МАЭС-ның 3.04.2024 ж. ұйғарымымен «Астык Трейд KZ» ЖШС-не, БСН 160740012545, қатысты оңалту рәсімдері бойынша іс қозғалды. Мына мекенжайға хабарласу керек: Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 70.

20. «АИСТ ЛОМБАРД» ЖШС, БСН 200240009547, 1 сәуір 2024 жылғы №19 мәжіліс хаттамасына сәйкес микроқаржылық қызметін тоқтату және лицензиясын ерікті түрде қайтару туралы шешім қабылдады. Қарыз алушылардың хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде Ақтөбе қаласы, Н.Шайкенов көшесі, 20 мекенжайына немесе 87012098838 телефонына хабарласуын өтінеміз.

24. «ЭНОК» ЖШС, БСН 150240016210, орналасқан жері: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Ж.Омарова көшесі, 33 корпус, 84 кеңсе, пошталық индекс 050020, ломбард қызметін тоқтату туралы кредиторларды және басқа да мүдделі тұлғаларды хабардар етеді: микроқаржы қызметін жүзеге асыру үшін 09.04.2021 ж. берілген №02.21.0083.Л лицензиясының күші жойылады. Тел. +77021006373.

25. Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацкий көшесі, 129 үйде орналасқан «Панфилов ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрамынан (БСН 111240020096) бөліну жолымен «Панфилов ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Панфилов ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап қолданыстағы заң талаптарына сәйкес мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацкий көшесі, 129 үй. Байланыс телефондары: 8(72831)5-01-79, 8(72831)5-19-86.

27. «Алтек Индастриалс» ЖШС, БСН 020340001418, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 516 үй.

## БАНКРОТТЫҚ

10. Орал қаласы МАЭС-ның 2024 жылғы 27 наурыздағы ұйғарымымен «WALVES plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, БСН 211040009851, банкроттығы бойынша іс қозғалды.

21. Алматы қаласы МАЭС-ның 2024 жылғы 4 сәуірдегі ұйғарымымен «New construction» ЖШС-не қатысты БСН 040740004440 талап арызы бойынша банкроттық туралы іс қозғалды.




## МҰРАГЕРЛІК

6. 2023 жылы 29 қазанда қайтыс болған Буркитбаев Турсынбайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

7. 2022 жылы 5 қаңтарда қайтыс болған аз. Айтуғанов Марат Яхияұлына қатысты мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлері мен мүдделі тұлғалар жеке нотариус Қ.Хасановқа хабарласуы қажет. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, 6/5. Тел. 87029029090.

8. 2023 жылы 8 қазанда қайтыс болған аз. Жанаев Марат Әзиханұлына қатысты мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлері мен мүдделі тұлғалар жеке нотариус Қ.Хасановқа хабарласуы қажет. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, 6/5. Тел. 87029029090.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Астана қалалық сотының судьясы Қайрат Рымтайұлы Айтжановқа әкесі

**Рымтай Айтжанұлының**

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақмола облыстық сотының басшылығы мен Ақмола облысының судьялар қауымдастығы Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

**Жакимова Алмагүл Жұмабекқызының**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты оның отбасына, туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07,ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

Защищено от изменений